


Келісілді 
«ВАВІ» бөбекжайының
әдіскері: Махамбет Қ.М

Бекітілді 
«ВАВІ» бөбекжайының
директоры: Азмуханбетова Д.А



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылының «Ботақан» ортаңғы тобына арналған
музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

Саз жетекшісі: Г.М Бердигалиева

Түсінік хат

Бұл перспективалық жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» 2022ж 14 қазан №422 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394-бұйрығы негізінде жоспарланып құрылды.

Күтілетін нәтижелер: музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды; музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады; әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды; сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады; қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды. Оқу жүктеме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

Қаңтар	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.</p>
Ақпан	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p>Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады.</p>
Наурыз	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p> <p>Ән айту: Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі.</p>

<p style="text-align: center;">Сәуір</p>	<p style="text-align: center;">Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p> <p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді; әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды. музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді.</p>
<p style="text-align: center;">Мамыр</p>	<p style="text-align: center;">Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету.</p> <p>Ән айту: Ересектермен бірге ән салу; Аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды.</p>

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы 2022ж 14 қазан №422 бұйрығы.
3. Алақай «Көркем сөз әлемі» 1-кітап «Аруна», 2000
4. Алақай (хрестоматия) «Аруна», 2000
5. «Зерек ботақан» 2015,2014
- 6.Музыка әліппе-дәптер. «Алматыкітап», 2003
7. Музыка әліппе-дәптер. «Алматыкітап», 2012
8. «Би ұжымын құру және би ұжымымен жұмыс» әдістемесі
9. Иноземцева Г.В. народный танец. -1971.
10. Ткаченко Г. Народный танцы. М-1975